8- қосымша:

Сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер:

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығының 15 тармағына сәйкес сынып-жинақтарды қалыптастыру конкурстық негізде жүргізіледі. Конкурсты «Дарын» РҒПО жүргізеді.

Оқу жылы	Сыныптар саны	Сыныптағы оқушылардың орташа саны	25-тен көп оқушылары бар сынып саны
2021-20212 оқу жылы	17	15	0
2022-2023 оқу жылы	19	16	0
2023-2024 оқу жылы	18	15	0

Білім алушылардың контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

Қарағанды облысы білім басқармасы «Зияткер» мамандандырылған мектеп-лицейі 2021 – 2022 оқу жылының қыркүйек айында 280 оқушымен бастасақ, оқу жылының аяғында 276 оқушымен аяқтадық. 2022 – 2023 оқу жылында 315 оқушымен бастап, 298 оқушымен аяқтадық, 2023 – 2024 оқу жылында 287 оқушымен бастадық, IV тоқсанды 274 оқушымен бастадық.

Мектеп оқушыларының соңғы 3 жылдағы қозғалысы төмендегі кестеде берілген:

Оқу жылы	Оқу жылының басындағы оқушы саны	Оқу жылының аяғындағы оқушы саны
2021-2022	280 оқушы	276
2022-2023	315 оқушы	298
2023-2024	287 оқушы	274

10-11-сыныптарға келгенде сыныптардағы оқушы саны азаяды. Себебі, бір оқушылар 9-сыныптан кейін колледждерге оқуға түссе, екіншілері мекен-жай өзгеруіне байланысты басқа қалаға ауысады.

Сонымен қатар, орта буында оқушыларының мекен-жайының өзгертуі, НИШ-ке түсуіне және тағы да басқа түрлі себептерге байланысты мектеп ауыстыруы оқушылар санының азаюына әкеледі.

Сыныптар бойынша оқушылар саны

Сыныптар	Сыныптар саны	2021-20212 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
5 сыныптар	3	40	56	49
6 сыныптар	3	42	42	57
7 сыныптар	3	58	42	36
8 сыныптар	3	42	55	43
9 сыныптар	3	37	32	52
10 сыныптар	1	40	31	19
11 сыныптар	2	21	40	31
Барлығы	18	280	315	287

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі:

Жұмыс оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының 63,64,67,68 қосымшалары негізінде құрастырылған:

2021 – 2022, 2022 – 2023, 2022 – 2023 оқу жылын қоса алғанда оқу кестесі кестені жасауға қойылатын талаптарға және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы) сәйкес жасалды. 3 жылдағы сабақ кестесі «Bilimal» электронды журналында бар. Сабақ кестесі мектебіміздің қамқоршылар кеңесінің төрайымымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген:

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:

«Зияткер» мамандандырылған мектеп-лицейі» КММ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығында бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлеріндегі жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жұмысты жүзеге асырады: оқу пәндерінің базалық мазмұнын толық игерілген; барлық сабақтар бекітілген сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі; білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары толық орындалады.

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру:

Мектептің тәрбие жұмысы оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес және Қазақстан Республикасының

заңнамалық актілері мен білім берудің нормативтік құжаттары негізінде құрылған.

Тәрбие жұмысының соңғы 3 жылға арналған жұмыс жоспары сілтемеде берілген:

https://drive.google.com/drive/folders/1RE7_KzDtt-9mZW6swhvrGFEJA49-FxIk

1. Жаңа Қазақстандық Патриотизм мен Азаматтылықты тәрбиелеу, Құқықтық тәрбие

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Осы орайда мектепте мемлекеттік мерекелеріне және атаулы күндеріне арналған концерттік бағдарламалар, Отан туралы, туған жер туралы мәнерлеп оқу сайыстары, танымал ақын, жазушылардың әдеби оқулары, шығармашылық байқаулар, суреттер, плакаттар мен газеттер конкурстары, спорттық жарыстар «Абайлаңыз балалар!» акциясы, т.б. шаралар өткізіледі. Айтылған іс-шараларды ұйымдастыруға оқушылар асқан белсенділікпен қатысады.

«Жас Ұлан» БМЖҰ-ның жұмысы бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіледі. Негізгі принциптер: ашықтық, адалдық және өзін-өзі басқару. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде зияткерлік, шығармашылық, спорттық даму және қоғамдық қызмет ерекше басымдыққа ие. «Жас Ұлан» БМЖҰ-ның 44 мүшесі бар.

Сонымен қатар мектептің Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде «Мектеп парламентінің» жұмысы жүйелі жолға қойылған. Оқу жылының басында мектеп Президенті мен фракция жетекшілері сайланып, жылдық жұмыс жоспары негізінде іс-шаралары ұйымдастырылып мектепшілік, облыстық байқауларға жүйелі қатысып, жүлделі орындармен марапатталып отырады.

Оқу жылының басында сыныптың әлеуметтік паспорттары жасалады. Оқу жылының басында сынып жетекшілер әр оқушыға психологиялық-педагогикалық талдау жасап, бақылау күнделіктерін жүргізеді және отбасының тұрмыстық-әлеуметтік жағдай туралы акт жасалады. Бұның барлығы оқушылар туралы барлық мәліметтері бойынша нақты көріністі көруге және уақтылы шара қолдануға, жекелеген оқушылар мен отбасымен жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Мектеп бойынша соңғы 3 жылда МІБ есебінде тұрған оқушы жоқ.

2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
0	0	0

Жалпы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

1. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы күн сайын қадағаланады. Сабаққа келмеген оқушылардың сынып жетекшілері ата-аналарына хабарласып себебін анықтайды, ата-аналармен байланыста болады. Мектепте себепсіз сабақты босататын оқушылар жоқ.

2. Мектепте қамқоршылыққа алынған 1 бала.

3. Оқушылар арасында құқық бұзушылықты ескерту, алдын алу бойынша психологиялық қызмет жұмысы бойынша арнайы жұмыс тобы құрылған, жылдық жұмыс жоспары жасалып бекітілген, жоспар негізінде жұмыстар жүргізіледі.

Жыл ағымында балалар мектептегі және мектептен тыс өткізілетін үйірмелерге, спорттық секцияларға, қосымша білім беру ұйымдарына, клубтарға қатыстыруға жұмылдыру жұмыстары ұйымдастырылады. Мектепте пәндік үйірмелер, спорттық секциялар жұмыс жасайды, барлық оқушылар мектептегі және мектептен тыс өтетін үйірмелерге тартылған.

Әр аптаның дүйсенбісі мектеп инспекторымен кездесу өткізіліп, ақпараттық-насихаттау жұмыстары ұйымдастырылады және онда оқушылар елде және әлемде болып жатқан оқиғалармен, жаңалықтарымен танысады. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңес отырысында оқушылар мен сынып жетекшілер, мектеп әкімшілігі, «Мейірім» аналар мектебі ұйымының қатысуымен өтеді.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру мақсатында, рухани-адамгершілік бағытында «Қамқорлық» жобасы, «Мектепке жол», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамдарға қуаныш сыйла!» қайырымдылық акциялары жүзеге асты. «Ардагер қасымда тұрады» атты 1-қазан - Халықаралық қарттар күніне арналған «Қарты бар үйдің қазынасы бар» «Басқаларды ұмытпа!», «Өнегелі бір сағат» жобасы «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар!» іс-шаралар, «Адамзаттың ұлы ұстаздары» айдарында зейнеткер ұстаздармен кездесу сағаттары дәстүрлі түрде өткізіліп отырады. «Адал friends» жобасы «Мен

және менің елім» АРТ көрмелері, Рухани адамгершілік бағытында 9-сынып оқушыларына қалалық дінді зерттеу және талдау орталығынан мамандар келіп, мектеп оқушыларын отансүйгіштікке, имандылыққа, патриотизмге, этика мен ұлтжандылыққа баулу мақсатында кездесу өткізді.

Мектеп кітапханасында іс- шаралар әр апта сайын ұйымдастырылады. Жыл бойы парасаттылық сағаттары өткізілді. «Парасаттылық сағаты» акциясының негізгі мақсаты – парасаттылық идеологиясын ілгерілету және танымал тұлғалардың өмірі мен еңбек жолы арқылы өскелең ұрпақтың бойында адалдық, әділдік, парасаттылық және сенім сияқты маңызды адамгершілік құндылықтарды дарыту. Оқушылар Қалқаман Сарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сәкен Сейфуллин, Төле би және т. б. көрнекті қайраткерлер туралы білімдерін кеңейтті. «Өзін –өзі басқару» мектеп парламенті мүшелері «Дублерлер күні» іс-шарасын ұйымдастырды. «Өнегелі өмір» жобасы аясында Қазақстан халқына танымал, қаламыздың танымал жүргізушілерімен кездесулер өтті.

«Балқаш қалалық ішкі саясат бөлімі» ММ «Балқаш қаласының конферецияаралық қатынастар мәселесін зерттеу және талдау орталығы» КММ бас маманы оқушыларға қазіргі уақытта діни экстремизм ерекше назарға алынғаны туралы интернет ресурстарын дұрыс пайдалану және экстремистік сайттарды қолданбау керектігін ескеріп, ай мен күннің ааманында дін жолынан адасып жүрген жастар көбейгенін баса айтты. Рухани келісім апталығы аясында жоспарға сәйкес іс- шаралар өткізілді. Аға тәлімгер мен «Мектеп парламенті» ұйымының ұйымдастыруымен мектебімізде «Жомарт жүрек» қайырымдылық акциясы өтті. Акцияның мақсаты- аз қамтылған отбасыларға көмек қолұшын созу. Оның ішінде азық-түлік, мектептің құрал-жабдықтары, киім-кешек қарастырылды. Наурыз мерекесіне орай сынып оқушылары арасында «Наурыз-бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі» атты «Қазақ халқының мәдени дәстүрлері мен салт-дәстүрлері» байқауы өтті.

3. Ұлттық тәрбие

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында, ұлттық тәрбие бағытында тақырыптық сынып сағаттары, «Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі» тақырыбында мектепшілік іс-шаралар ұйымдастырылды. «Дәстүр мен ғұрып» жобасы «Даламды күймен тербедім» домбырашылар челленджіне белсене ат салыстық. «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында қалалық музейге саяхат жасалды. Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімді ояту

мақсатында оқушыларды туған өлкенің тарихымен таныстыру жүргізілді. «Тәуелсіздікке тарту» үздік қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. «Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі» тақырыбында онкүндіктер, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Әуезов әлемі» іс-шарасы, Әзілхан Нұршайықовтың 100 жылдығы «Гибратты ғұмыр» деректі фильмін көрсету, шығармаларын насихаттау. «Өнегелі бір сағат» «Тәуелсіз елдің ұландары» тәрбие сағаттары, «Өнегелі бір сағат» жобасы аясында «Сауатты ұрпақ – ел ертеңі «Өнегелі өмір» айдары бойынша қонақ болған - Астана жастар мәслихатының депутаты Сержан Сағынұлы Есжановпен сұхбаттасты. Сұхбат жастардың мамандықты дұрыс таңдауы, саяси сауатты болуы, бәсекеге қабілетті, әрі өз жолын дұрыс қалыптастыруы жайлы өрбіді. Кешегі күннің жастары мен бүгінгі күннің жастарының ерекшеліктері талқыланып, ел ертеңі – жастардан күтілетін үміт жайлы әңгіме тарқатылды. Өр жас ұрпақ бойынан табылу керек қасиеттер сараланды.

«Жаса, Наурыз – жыл басы!», «Халықтар достығы - бірлікте», «Татулық - ел тірегі» тақырыбында мәдени шаралар жоспарланып өткізілді. Ұлттық және Отбасы тәрбие беру бағытында аға тәлімгер «Қыз қылығымен» тақырыбында аналарының қатысуымен ашық әңгімелер, кездесулер өткізді.

4.Отбасылық тәрбие

Ата-аналарды педагогикалық қолдау, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру мақсатында отбасылық тәрбие бағытымен «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Отбасы-бақыт мекені», «Отбасымен бір күн» суреттер көрмесі ұйымдастырылды. «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы аясында мектепте «Ата-ана, мектеп, оқушы» қауымдастығы құрылып жұмыс жүргізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы «Бір отбасы – бір кітап» сыныптар отбасында кітап оқу дәстүрін жалғастыру мақсатында іс-шара ұйымдастырылды. Бұндай іс-шараларды мектеп кітапханашысы мен сынып жетекшілер ұйымдастырады.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағытында, тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту мақсатында, дәстүрлі Еңбек күніне арналған қолөнер жәрмеңкесі, «Еңбек – өмір мәні» (өндіріс орындарына саяхат), «Мектеп ауласын абаттандыру» көгалдандыру акциясы, оқушыларды жазғы еңбекпен қамту сияқты жұмыстар жүргізіледі. Парламент ұйымының ұйымдастыруымен «Қоршаған ортаны қорғайық» сенбіліктер мектеп бөлмесіндегі гүлдерге көмек акцилар өтеді. «Жасыл»

энергия апталығы аясында қалалық іс- шараларға қатысып сыйлықтармен, дипломмен марапатталды.

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беруде, тұлғаның қоғамдағы жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау мақсатында «Бабалар өмірі - ұрпаққа сабақ» танымдық сабағы өтті. Этномәдени бірлестіктерге, мұражайларға, ескерткіштерге жыл бойы барады. Мектептің ақпараттық – кітапхана орталығында «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыруда жұмыс жоспары құрылған. «Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі» жас инспекторлардың жол қауіпсіздігінің алдын-алу шаралары бойынша шаралар ұйымдастырылды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Өнегелі өмір» жобасы аясында сынып оқушылармен мәдениет қызметкерлері, өлкетанушы, тілші, ҚР жазушылар одағы мүшесі Күлаш Сардарбекпен кездесулер өтті.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мектебіміз өлкетану факультативтік сағаты жүргізіледі. Осы бағыт бойынша «Туған өлке сырлары» арнайы жобасы аясында өңіріміздің көрікті жерлеріне оқушыларымыз саяхат жасап, жоба жұмыстарын қорғап жүр. Сондай-ақ, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша, әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамыту мақсатында, мектебімізде оқу жылының басында «Дебат» қозғалысы жобасы жүзеге асырылып «Зияткер командасы жүйелі жұмыс жасап келеді. Оқушыларымыз қалалық, облыстық дебат байқауларына қатысып жүлделі орындармен марапатталды.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша жасөспірімдер арасында нашақорлық, шылым шегу, ішімдікке тәуелділіктің алдын алу бойынша арнайы жоспар құрылған. Аталмыш бағытта сынып жетекшілер мектептің тәрбие ісінің меңгерушісі, аға тәлімгері, педагог-психологпен бірлесіп әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары» 2023 жылының қыркүйек айында енгізілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу мақсатында келесі міндеттер арқылы ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге, ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік,

мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу арқылы оқушының бойына ар-ұят, талап, ұлттық мүдде тәрбие құндылықтарын келесі жобалар арқылы «Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Тоғыз айға тоғыз шара», «Оқуға құштар мектеп», «Ұлттық мектеп лигасы», «Еңбегі адал жас ерен» және сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар өткізіліп, жүзеге асырылды.

Мектептің психологиялық қызметі

Мектепте оқушылардың психикалық-психологиялық денсаулығына, олардың әлеуметтенуіне және әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету мақсатында психологиялық қызмет жұмыс істейді.

Мектептің психологиялық қызметінің негізгі мақсаты - білім беруді ұйымдастыруда қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал туғызу, оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, оқу-тәрбие процесіне барлық қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлық пен зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру;
- әртүрлі зорлық-зомбылық фактілерін азайту мақсатында мектептің оқу-тәрбие үдерісінің субъектілері арасында тәрбиелік және профилактикалық жұмысты күшейту;
- 5,10 сынып оқушыларының сабақтастығы бойынша жұмысты жандандыру,
- қорытынды мемлекеттік атестацияға дайындық кезеңінде 9,11 сынып оқушыларына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- оқушылардың стресске төзімділігін арттыру, психикалық
- денсаулығын сақтау және нығайту үшін кеңістікті ұйымдастыру;
- жеке консультациялар, семинарлар, тренингтер жүйесі арқылы білім беру процесінің барлық субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Жүйеде алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізіледі:

2021 жылдан бастап педагог-психологтың құжаттамасы «HR+» психологиялық педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесі (ППМАЖ) шеңберінде электронды форматта жүргізіледі.

Барлық психодиагностикалық жұмыстар жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Психодиагностика нәтижелерімен ата-аналар (ата-аналар жиналысында және топтық және жеке консультациялар барысында) және мұғалімдер таныстырылды.

Педагог-психологтың психодиагностикалық жұмысы
келесі әрекеттерді қамтиды:

- 5-сынып оқушылардың оқу мотивациясын диагностикалау ;
- 11 сынып оқушыларының мазасыздық пен агрессия диагностикасы;
- Темперамент типтерін диагностикалау;
- Социометрия диагностикасы;
- Мектептік дабыл, қорқыныш деңгейін диагностикалау;
- Когнитивті қабілеттерді (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді, бейнелі ес) анықтау
- Кәсіптік бағдарды диагностикалау;
- Оқушылардың оқу мотивациясын диагностикалау;
- Мазасыздық пен агрессия диагностикасы;
- Когнитивті қабілеттерді (зейін) анықтау;
- Жасөспірімдердегі агрессия деңгейі;
- Мазасыздық пен агрессия диагностикасы;

«Мектептегі оқудың басталуына дайындықты психологиялық-педагогикалық бағалау» Н.Я. Семаго және М.М. Semago.

Мектеп психологының ата-аналармен жүргізетін тәрбиелік-алдын алу жұмыстарының мазмұны балалардың өзекті мәселелерін талдау болып табылады.

Сынып жиналыстарында, ата-аналар күндерінде психологиялық әңгімелесу барысында педагог-психолог бала дамуының осы кезеңінде бала мен ата-ана қарым-қатынасының тиімді түрлерін ұсынады.

Оқу жылында келесі ата-аналар жиналысы өткізіледі:

- «5-сынып оқушыларының бейімделу кезеңінде ата-аналарға психологиялық көмек керсету»;
- «Жасөспірімдік ата-аналарға психологиялық көмек»;
- ата-аналарды «Мектептегі жасөспірімдердің дене және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез-құлқының алдын алу бағдарламасы» туралы ақпараттандыру (8 сынып);
- 9-11 сыныптардағы аймақтық кәсіптік бағдар беру кәсіпорны туралы ата-аналарды хабардар ету (ППМАЖ бағдарламасы бойынша);

Ата-аналармен консультативтік-профилактикалық жұмыс жүргізу үшін жеке консультациялар өткізіледі (сураныс бойынша).

Психологиялық қызмет мектеп қызметкерлерімен бірлесіп қиын өмірлік жағдайға тап болған оқушылармен тұрақты түрде жұмыс жасайды:

- оқушылардың жеке ерекшеліктерін диагностикалауды ұйымдастыру және жүргізу (ата-аналардың өтініші бойынша);

- оқушылардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға, мазасыздану, агрессивтілік деңгейін төмендетуге, әлеуметтік интеллектін арттыруға және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталған жеке түзету сабақтары;
- мектептің ақпараттық сайтында және жасөспірімдермен чаттарда сенім телефондарын орналастыру.

Емтихандарды тапсыру кезеңінде (9,11-сыныптар) оқушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында тренинг элементтері бар бірқатар сабақтар өткізіледі:

- «Емтиханға ойша қалай дайындалу керек?»;
- «Стресс. Стрестік жағдайдан шығу жолдары»;
- «Сезімдер мен эмоциялар»;
- «Менің құндылықтарым»;
- «Өзімді басқаруды үйрену»
- «Жақында емтихандар келеді» (кеңестер, бейнелер, жадынамалар, 9-11 сыныптар) т.б.

Психологиялық қызметтің маңызды бағыты суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыс болып табылады.

2017 жылдан бастап мектеп Республикалық суицидтің алдын алу бағдарламасы бойынша жұмыс істейді. Бағдарлама аясында мұғалімдерімен, техникалық қызметкерлерімен, 8-сынып оқушыларымен, ата-аналармен жұмыс жүргізілуде.

Бекітілген жоспар бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

Жыл бойына бірқатар іс-шаралар өтеді:

- 8-сыныпта ата-аналар жиналысын өткізу;
- аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларының және қорғаншылықтағы балалардың өмір сүру жағдайын зерттеу;
- 7-11 сынып оқушыларымен жеке сабақтар (ата-аналардың өтініші бойынша);
- 5-11 сынып оқушыларына арналған «Қауіпсіз интернет» сынып сағаттары;
- 7,8 сынып оқушыларына арналған «Эмоциялар. Эмоцияларды басқару», «Психикалық денсаулық дегеніміз не», «Біз кім үшін және не үшін оқимыз», «Бұл қиын жастық шақ», «Мектептегі жанжалдардың алдын алу».
- өткір психологиялық мәселелер бойынша ата-аналардың, балалардың немесе мұғалімдердің жеке консультациялары.

Сынып жетекшілері мен мектеп мұғалімдеріне психологиялық тәрбие беру мақсатында жыл бойына келесі семинарлар өткізіледі:

- мектеп қызметкерлері мен педагогикалық ұжымды суицидтің алдын алу бағдарламасын жүзеге асыруға оқыту;

- «Жалпы білім беретін мектепте бастауыш» (5 сынып оқушыларының бейімделу мәселелері);
- «Өзімен үйлесімді» (тренинг элементтерімен сабақ);
- «Жас маман мектебі».

Сынып жетекшілері мен мұғалімдеріне педагогикалық қолдау және емтихан кезінде оқушыларды сүйемелдеу бойынша практикалық ұсыныстар да әзірленді.

Мектептің қашықтықтан оқыту кезеңінде психологиялық қызметтің басты назары тәрбиелік-алдын алу шараларына аударылады.

Мектеп қызметкерлер тобымен мектеп оқушыларымен бірлесіп жыл сайын келесі іс-шаралар өткізіледі:

- құқықтық сауаттылық апталығы, алғыс айту күні, адалдық сағаты;
- сыныптар: «Қақтығыстарды шешуге үйрету» (5-6 сыныптар),
- «Қорқыныш пен аландаушылықты жеңу жолдары» (5,8,9 сыныптар),
- «Өзін-өзі бағалау және талап қою деңгейі» (9 сыныптар),
- «Стресс және оның бір адамға тигізетін әсері» (7-9 сыныптар),
- «Уақытты басқару» (5-8 сыныптар),
- «Психологиялық тепе-тендік» (6-8 сыныптар),
- «Менің өмірлік құндылықтарым» (9 сынып),
- «Кім үшін және не үшін оқимыз» (5-8 сынып),
- «Тыңдау және есту қабілеті» (5-8 сынып),
- ата-аналар жиналыстары: «Ата-ана балаға қашықтан оқыту кезінде мүмкін болатын күйзелісті қалай көмектесе алады», «Оқушылармен психикалық денсаулық сабағын қалай өткізуге болады», «Отбасы және мектеп - қауіпсіз аймақ», «Қауіпсіз интернет».
- ата-аналармен жұмыс жасау үшін «Балалармен қарым-қатынас ережелері», «Бала агрессиясының алдын алу», «Ата-аналарға арналған 10 өсиет» ұсыныстары әзірленді.

Сынып жетекшілеріне «Оқушылармен психикалық денсаулықты сақтау бойынша сабақты қалай өткізу керек».

Осылайша, мектептің психологиялық қызметі оқушылардың әлеуметтік-психологиялық және тұлғалық дамуна барынша көмек көрсетуді, психологиялық денсаулығын сақтауды және оқу-тәрбие үдерісінің барлық қатысушыларына психологиялық қолдау көрсетуді жүзеге асырады.

Қорыта келе, жүргізілген психолог жұмысы жоспарға сай жүзеге асып келді. Жүргізілген жұмыстар уақытында қорытындыланып, таныстырылып отырылды. Өткізілген психологиялық шаралар мектеп проблемасымен ұштастырылып отырды. Барлық сынып оқушылармен жоспар бойынша

күнделікті психологиялық жұмыстар, әдістемелер қолданылып, психодиагностикалық тесттер, сауалнамалар алынды.

Медициналық қызметтегі тәрбие бағыты

Медициналық қызметті мектеп мейірбикесі төмендегі бағыттары бойынша қызмет көрсетеді:

- емдік-профилактикалық
- санитарлық-эпидемиологиялық
- ағарту

Медициналық қызметтің жылдық жұмыс жоспарына мектеп оқушыларының денсаулығын және олардың оқу жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралар, әртүрлі жұқпалы аурулар профилактикасын алдын алу іс-шаралары енгізілген.

Мектепте оқушыларды денсаулығына байланысты 3 топқа бөлінеді: негізгі топ, арнайы топ және дене шынықтырудан босатылғандар.

негізгі			арнайы			босатылғандар		
2021	2022ж.	2023ж.	2021	2022ж.	2023ж.	2021	2022ж.	2023ж.
140	183	213	1	0	0	7	10	8

Денсаулықты сақтау және нығайту бойынша келесі ағарту жұмыстарының түрлері қарастырылған:

- дәрігерлердің әңгімелері мен лекцияларын тыңдау;
- 7 сәуір мен 7 қыркүйекте Дүниежүзілік денсаулық күні мен спорт күнін өткізу;
- сауықтыру бұрышын дайындау;
- ата-аналармен кездесу;
- тақырыптық сауалнамаларды жүргізу және т.б.

Сонымен қатар келесі тақырыптар бойынша түсіндірме жұмыстар жүргізіледі: «Жасөспірімдерді вакцинациялау», «Қазіргі жастар арасында ЖИТС және оның алдын алу», «Сау денеде сау ой!», «Ұлдар мен қыздардың репродуктивті денсаулығын сақтау», «Өліммен ойындар. Dog high», «Энергетикалық сусындардың адам ағзасына тигізетін зияны», «Тұмауға қарсы вакцинация», «Асфиксия ойындары», «Тұмаудың алдын алу», «Электронды темекі шегу зиян», «COVID-19-ға қарсы қайта вакцинация», «Вирусты гепатит А», «Мектеп оқушысы туберкулез туралы не білуі керек?», «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Қызылшаның алдын алу» және т.б.

Әскери-патриоттық тәрбисі бойынша

Әр оқу жылында мектепте әскери - патриоттық тәрбие жоспарына сәйкес 10-11 сыныптарда алғашқы әскери дайындық бойынша сабақтар өткізіледі. Сонымен қатар «Оқу-далалық жиыны» курсы жүргізіледі.

Қыркүйек айынан бастап жасөспірімдердің құжаттарын әскери комиссариатқа жинау жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстың мақсаты-балалардың медициналық комиссиядан өтуі, жеке істерінің рәсімделуі, әскери есепке қою және тіркеу куәліктерін табыстауы. Жыл сайын қыркүйек айында сарбаз әскери ойындары өткізіліп, ойынға 9-10 сыныптар қатысады.

Мектепте Республика күніне орай «Ту ұстаушы топтар байқауы» өткізіледі.

Ақпан айында Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығаруына орай жыл сайын мектепте «Саптық және ән айту» байқауы өтеді.

Мектебімізде 2021-2022 оқу жылында ҚР Қарулы күштерінің және Жеңіс күніне арналған қала мектептері арасында «Қалқан» әскери ойыны өтті. Бұл іс-шараға Ауған соғысының ардагерлері қатысты.

2021 жылдың 19 мамырында «Зияткер» мектебінің 10 «А» сыныбының ер балалары далалық оқу жиынына қатысты.

2021-2022 оқу жылында «Зияткер» мектебінде 10 және 11 сыныптар арасында «Калашников автоматын бұзып және жинау» сайысы өтті. Бұл сайысқа Ауған соғысының ардагерлері қатысты.

2022 жылдың қаңтар айында «Зияткер» ММЛ» КММ-де Биатлон пневматикалық винтовкадан ату жарысы өтті.

Дәстүрлі түрде мектепте 10-11 сынып оқушылары арасында " Ту ұстаушы топ" байқауы өткізілді. Мұндай байқау жыл сайын өткізіледі.

Жоғарғы сынып оқушылары, оның ішінде ер балаларды далалық оқу жиынына қатыстыру, Калашников автоматын бұзып және жинау, Биатлон пневматикалық винтовкада ату ережелерін үйрету жұмыстары жүргізіледі.

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру:

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының 5 қосымшасының 2 тарауының 15-тармағына сәйкес оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту үшін жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 0,25 жүктеме негізде жекелеген [үйірмелер](#) қарастырылған.

Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл «Атамекен» өнер клубы, «Палитра» бейнелеу өнері студиясы, «Дебат» клубы, «Арстудия» курстарын жүргізу арқылы іске асырылады. Дарынды балаларға арналған мектептегі жұмыстың басым бағдары «Шахмат», «Робот техникасы» атты үйірмелер интеллектуалдық дамыту аймағы болып табылады. «Робот техникасы» үйірмесінде STEM/ STEAM технологиялар қолданылады.

«Қарым- қатынас психологиясы» курсы оқушылардың тиімді қарым- қатынас дағдыларын дамытуға, тең өзара әрекеттесу дағдыларын алуға, тұлғаралық қақтығыстарды шешуге және алдын алуға бағытталған. «Мобилография» курсы сандық технологияны меңгеріп, фотосурет жасау дағдыларын меңгеру арқылы шығармашылықпен өзін-өзі көрсете алатын оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған. Оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттауды күшейту мақсатында барлық сыныптарда жұмыс оқу жоспарындағы «Дене шынықтыру» пәнінің үш сағатының бір сағаты «Волейбол», «Футбол», «Баскетбол» сияқты спорттық ойындарға және сабақтан тыс жұмыстар үшін берілген жүктемеде «Үстел теннис» үйірмесіне берілген.

Мектеп оқушыларының спорт және үйірме бойынша соңғы 3 жылдағы жетістіктері

<https://drive.google.com/drive/folders/1YAsCXD0ketpI76yFrMx2BeFlhNncfD86>

Оқу жылы			
	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Қалалық			
Алғыс хаттар, дипломдар	Бас жүлде- 1-орын -5 2-орын -13 3 -орын -4	Бас жүлде- 1-орын -5 2 - орын -10 3 - орын -6	Бас жүлде-1 1-орын -6 2-орын -6 3-орын -5
Облыстық деңгей			
Алғыс хаттар, дипломдар	Бас жүлде- 1-орын -4 2-орын -1 3-орын -2	Бас жүлде- 1-орын -2 2-орын -1 3-орын -2	Бас жүлде- 1-орын -2 2-орын -2 3-орын -3
Республикалық деңгей			
Алғыс хаттар, дипломдар	Бас жүлде-7 1-орын -7 2-орын -9 3-орын -5	Бас жүлде-4 1-орын -9 2-орын -6 3-орын -1	Бас жүлде-4 1-орын -9 2-орын - 3-орын -

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру:

Мектептегі бейінді оқыту – оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасайтын және олардың келешекте игеруі тиісті кәсібіне бейімделуді қамтамасыз ететін бағыт. Бейінді немесе бағдарлы оқыту мектебімізде 5-ші сыныптан бейіналды жұмыстары жүзеге асады. Бейіндік оқыту - кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге даярлау, олардың кәсіптік бағдарлары үшін жағдай жасау, оқушылардың арнаулы бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін ескеруге бағытталған білім беру процесінің құрылымы мен мазмұнын ұйымдастыру түрі, жоғары сынып оқушыларының оқуын даралау мен саралау болып табылады. Мектепте «Кәсіби бағдар беру жұмысы-мамандық таңдаудың негізі» тақырыбында қабырға бұрышы орнатылған. Бұрышта мамандық таңдау формуласы, мамандық таңдауға әсер ететін факторлар, жас түлектің зияты жайлы ақпарат берілген. Әр оқу жылының басында 9-11 сынып оқушыларынан «Профиль» әдістемесі Г.В. Резапкина модификацияланған А.Е. Голомшток әдістемесі бойынша «Қызығушылықтар картасы» тесті алынады. Тестке 9-11 сыныптан барлық мектеп бітіруші оқушылар қатысады. Тест 10 түрлі қызығушылық – мамандық түрін қамтиды. Тест қорытындысы бойынша оқушылардың басым бөлігінің қызығушылығы таңдау пәндеріне сай келеді. 10 сыныптар арасында Л.Йовайши методикасы бойынша Г.Резапкинаның «Кәсіби қабілетін анықтау сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама барысында 6 бағыт бойынша мамандық түрлері ұсынылды. Әр оқушы өзінің қабілетіне орай, сауалнамаға жауап берді.

Сонымен қатар дәстүрлі «Өнегелі өмір» жобасы аясында Астана жастар мәслихатының депутаты Сержан Сағынұлы Есжановпен, журналистика саласының майталманы Кунафина Динара Тусупахановнамен, Азаматтық авиация академиясының 3 курс студенті Камилля Нурлановна Мырзахановамен, Павлодар облысы депутаты Санира Орынтайқызы Жүсіповамен онлайн кездесулер өтті. Алматы қаласы “М.Тынышбаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясынан” студенттері 11 сыныптарға үгіт - насихат жұмыстарын жүргізді. Астана қаласынан «Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери колледжінен» келген студенттер 9 сынып мектеп түлектерімен кездесті. Қаламыздағы медициналық, политехникалық, гуманитарлы-техникалық, кәсіптік-техникалық колледждерге үнемі барып, тығыз байланыста болып кәсіптік бағдар алып отырамыз.

Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру:

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар жоқ.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру:

Вариатив компоненттегі курстардың оқу жоспарларын педагогтер өздері құрастырып, мектеп директорымен бекітеді. [Вариативті курстар кестесі](#) «Vilimal» электронды журналында бар.

2021-2022 оқу жылы:

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын (оқу сауаттылығын) дамыту мақсатында «English practice» (қазақ тілде оқитын 5-сынып), «Жалынды жыр» (қазақ тілде оқитын 7-сынып), «Reading for pleasure» (барлық 8-сынып), «Сөз мәдениеті» (қазақ тілде оқитын 9-сынып), «Grammar You Need» (қазақ тілде оқитын 9-сынып), «Analytical reading» (орыс тілде оқитын 9-сынып), «Мәтінді жазып үйренеміз» («Учимся писать текст» - орыс тілде оқитын 9-сынып), «Improve Your listening and Speaking Skills» (10-сынып), «Improve your writing skills» (11-сынып), «Зерделі оқу «Ой жүйрік» (қазақ тілде оқитын 10-сынып), «Сөз маржаны» («Проба пера» 11-сынып) курстары жүргізілген.

XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыруға бағытталған «Жаһандық құзыреттіліктер» курсынан «Парасаттылық және әдеп» (5-сынып), «Экология» (6-сынып), «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» (7-сынып), «Медиасауаттылық» (8-сынып), «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» (10-11-сынып) курстары енгізілді.

Мектеп жаратылыстану-математика бағытында жұмыс жасағандықтан және Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңғырту процесінің жетекші бағыты оқушыларды өзін-өзі барынша іске асыру және қоғам өміріне пайдалы қатысу үшін ақпаратты өз бетінше өндіру, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану процесіне оқыту болып табылғандықтан «Математикадағы логика әлемі» (қазақ тілде оқитын 5-сынып), «Математикалық мозайка» (орыс тілде оқитын 5-сынып), «Математика, зияткерлік және өнер» (қазақ тілде оқитын 6-сынып), «Жасыл кірпіштер» (орыс тілде оқитын 6-сынып), «Өсімдіктер сыры» (қазақ тілде оқитын 6-сынып), «Қолданбалы биология және экология» (7-сынып), «Тапсырмаларды шығармашылық түрде шешу және жобалау» (6-7-сынып), «Физикадан дидактикалық ойындар» (7-сынып), «Жасыл лаборатория» (қазақ тілде оқитын 8-сынып), «Физикадан аналитикалық білім» (8-сынып), «Математика. Ғарыш. Әлем» (қазақ тілде оқитын 8-сынып), «Математикалық логиканың

элементтерін қолдану» (орыс тілде оқитын 8-сынып), «Физикадан аналитикалық білім» (8-сынып), «Космология және салыстырмалық теориясы» (9-сынып), «Жобалау және математика» (қазақ тілде оқитын 9-сынып), «Алгебра плюс» (орыс тілде оқитын 9-сынып), «Сандар теориясы» (қазақ тілде оқитын 10-сынып), «Астрофизика» (қазақ тілде оқитын 10-сынып), «Айналамыздағы геометрия» (орыс тілде оқитын 10-сынып), «Астрономиялық калейдоскоп» (орыс тілде оқитын 10-сынып) курстарына вариативті оқу жүктемесінен сағаттар берілген.

Негізгі орта білім курста алынған білім мен дағдыларды жетілдіру мақсатында 11-сыныпта «Математика, интеллект және шығармашылық», «Физикалық процестерді компьютерлік модельдеу» курстары енгізілген.

Болашақ азаматтардың өз ұлтының асыл мұрасынан сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтуді жүзеге асыру мақсатында «Қазақстан тарихындағы тұлғалар» (История Казахстана в датах и лицах)-10-сынып) және «Отан тарихнамасы» («Прошлое Казахстана – политика, культура, искусство»-11-сынып) курстары енгізілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары бойынша «Өлкетану» (5-7 сыныптар), «Абайтану» (9-11-сыныптар) курстары оқытылды.

Мектептің 9-сыныбында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығына сәйкес «Зайырлылық және дінтану негіздері» элективті курсы оқытылды.

2022-2023 оқу жылы:

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын (оқу сауаттылығын) дамыту мақсатында қазақ бөліміндегі сыныптарға «Жалынды жыр» (7-8-сынып), «Reading for pleasure» (8-сынып), «Grammar You Need» (9-сынып); орыс бөліміндегі сыныптарға «Happy Reading» (6-сынып), «Reading for pleasure» (7-8-сынып), «Менің мақсатым-сауатты болу» («Моя цель- быть грамотным» - орыс тілде оқитын 7-сынып), «Мәтінді түсінуді үйренеміз» («Учимся понимать текст»- орыс тілде оқитын 8-сынып), «Analytical reading» (9-сынып), «Мәтінді жазып үйренеміз» («Учимся писать текст» - орыс тілде оқитын 9-сынып) және «Improve Your listening and Speaking Skills» (10-сынып), «Improve your writing skills» (11-сынып) курстары енгізілген.

XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыруға бағытталған «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы 5-11-сыныптарда оқытылды.

Мектеп жаратылыстану-математика бағытында болғандықтан «Қолданбалы биология және экология» (7-сынып), «Физикадан дидактикалық ойындар» (орыс тілде оқитын 7-сынып), «Математикалық логиканың элементтерін қолдану» (орыс тілде оқитын 8-сынып), «Геоэволюция» (8-сынып), «Физикадан аналитикалық білім» (8-сынып), «Математика. Ғарыш. Әлем» (8-сынып), «Космология және салыстырмалық теориясы» (9-сынып), «Сандар теориясы» (қазақ тілде оқитын 10-сынып), «Астрофизика» (қазақ тілде оқитын 10-сынып), «Астрономиялық калейдоскоп» (орыс тілде оқитын 10-сынып) курстарына вариативті оқу жүктемесінен сағаттар берілген.

Негізгі орта білім курста алынған білім мен дағдыларды жетілдіру мақсатында 11-сыныпта «Математика, интеллект және шығармашылық» (қазақ тілде оқитын, «Физикалық процестерді компьютерлік модельдеу» курстары енгізілген.

Болашақ азаматтардың өз ұлтының асыл мұрасынан сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтуді жүзеге асыру мақсатында «Қазақстан тарихындағы тұлғалар» («История Казахстана в датах и лицах» - барлық 10-сынып), «Отан тарихнамасы» (қазақ тілде оқитын 11-сынып), «Прошлое Казахстана – политика, культура, искусство» (орыс тілде оқитын 11-сынып) курстары оқытылды.

